

Облыс аумағындағы жылу қуатын өндіруді, беруді және бөлуді, қазандарды және қысым арқылы жұмыс істейтін құбырларды пайдалануды, өнеркәсіптік мұздатқыш қондырғылары және тұрмыстық газ баллондарының құрамында қысым арқылы жұмыс істейтін ыдыстарды пайдалануды лицензиялау мәселелері туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімиятының 2004 жылғы 10 тамыздағы N 20 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 10 қыркүйекте N 2708 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 3 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі "Лицензиялау туралы" N 2200 Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 және 2002 жылғы 24 қаңтардағы N 100 қаулыларына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы" N 296 қаулысына сәйкес ШЕШІМ қабылдаймын:

1. Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті облыс аумағындағы жылу қуатын өндіру, беру және бөлуді (белгіленген қосынды қуаты сағатына 100 Гкал-ға дейін жететін жылу қуаты көздерінен), қазандарды (қосынды жылу қуаты сағатына 100 Гкал-ға дейін) және қысым арқылы жұмыс істейтін құбырлардың пайдалануды лицензиялайтын;

облыс жұмылдыру даярлығы және төтенше жағдайлар департаменті облыс аумағындағы өнеркәсіптік мұздатқыш қондырғылары және тұрмыстық газ баллондарының құрамында қысым арқылы жұмыс істейтін ыдыстардың пайдалануды лицензиялайтын уәкілетті мемлекеттік органдар болып белгіленсін.

< * >

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы әкімінің 2005 жылғы 15 наурыздағы N 6 шешімімен.

2. М ы н а л а р :

1) қоса берілген жылу қуатын өндіру, беру және бөлу (белгіленген қосынды қуаты сағатына 100 Гкал-ға дейін жететін жылу қуаты көздерінен) құқығына лицензиялар беру тәртібі;

2) қоса берілген қазандарды (қосынды жылу қуаты сағатына 100 Гкал-ға дейін) және қысым арқылы жұмыс істейтін құбырларды пайдалану құқығына лицензиялар беру тәртібі;

3) қоса берілген өнеркәсіптік мұздатқыш қондырғылары және тұрмыстық газ баллондарының құрамында қысым арқылы жұмыс істейтін ыдыстарды пайдалану құқығына лицензиялар беру тәртібі;

4) алынып тасталды

Ескерту. 2-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталды - Павлодар облысы әкімінің 2005 жылғы 15 наурыздағы N 6 шешімімен.

3. Облыс әкімінің 2000 жылғы 17 ақпандағы "Жылу қуатын өндіруді, беруді, және бөлуді лицензиялау тәртібі туралы" N 49 шешімінің (2000 жылғы 24 сәуірдегі МТН 241) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А.Ф. Вербнякқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімінің
2004 жылғы 10 тамыздағы
"Облыс аумағындағы жылу қуатын
өндіруді, беруді және бөлуді,
қазандарды және қысым арқылы жұмыс
істейтін құбырларды пайдалануды,
өнеркәсіптік мұздатқыш қондырғылары
және тұрмыстық газ баллондарының
құрамында қысым арқылы жұмыс
істейтін ыдыстарды пайдалануды
лицензиялау мәселелері туралы"
N 20 шешімімен бекітілді

**Жылу қуатын өндіру, беру және бөлу
(жалпы белгіленген қуаты сағатына
100 Гкал-ға дейін жететін жылу қуаты көздерінен)
құқығына лицензиялар беру
тәртібі**

1. Жалпы ережелер

1. Облыс аумағындағы жылу қуатын өндіру, беру және бөлу (белгіленген қосынды қуаты сағатына 100 Гкал-ға дейін жететін жылу қуаты көздерінен) құқығына лицензиялар берудің осы тәртібі (бұдан әрі - Тәртібі) Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі "Лицензиялау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына

толықтырулар енгізу туралы" N 1895 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Тәртіп облыс аумағындағы жылу қуатын өндіру, беру және бөлу (белгіленген қосынды қуаты сағатына 100 Гкал-ға дейін жететін жылу қуаты көздерінен) құқығына лицензиялар берудің тәртібін, сондай-ақ лицензия алушының біліктілік талаптарын орындауын бақылауды реттейді.

3. Тәртіпте мына ұғымдар пайдаланылады:

1) лицензия сатушы - жылу қуатын өндіру, беру және бөлу (белгіленген қосынды қуаты сағатына 100 Гкал-ға дейін жететін жылу қуаты көздерінен) құқығына лицензиялар беруді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган;

2) лицензия алушы - салық төлеуші ретінде тіркелген Тәртіпке сәйкес жылу қуатын өндіруді, беруді және бөлуді (белгіленген қосынды қуаты сағатына 100 Гкал-ға дейін жететін жылу қуаты көздерінен) жүзеге асыратын заңды немесе ж е к е т ұ л ғ а ;

3) жылу қуатының көзі - бу шығаратын немесе ыстық су беретін құрылғылар кешені, ол қазандық агрегатынан және қосалқы жабдықтардан: газ және ауа құбырларынан; бу мен су өткізетін арматурасы бар құбырлардан; күшпен үрлеу және б а с қ а құрылғылардан т ұ р а д ы ;

4) жылу желісі - орталықтандырылған жылу жабдықтауында жылу жібергішті (ыстық суды немесе буды) жеткізуге және бөлуге арналған құрылғылар кешені б а р қ ұ б ы р л а р ж е л і с і ;

5) жылу тасушы - жылуды жақсы қыздырылған нәрседен онша қыздырылмаған нәрсеге жеткізу үшін пайдаланылатын қозғағыш күш;

6) жылу қуатын өндіру - коммуналдық-тұрмыстық және технологиялық қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін жылу көзінен жылу қуатын алу;

7) жылу қуатын беру - жылу тасушының жылуды жылу қуатының көзінен т ұ т ы н у ш ы ғ а д е й і н ж е т к і з у .

8) жылу қуатын бөлу - тұтынушыларды оларға белгіленген жылу тасушының түріне және мөлшеріне сәйкес жылу қуатымен қамтамасыз ету.

2. Біліктілік талаптары

4. Лицензия алушыларға қойылатын біліктілік талаптар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 мамырдағы "Өнеркәсіп саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" N 556 қаулысымен бекітілген талаптардың негізінде дайындалды.

5. Біліктілік талаптары мыналардың:

1) қолданылып жүрген қуатпен жабдықтайтын жүйесімен көрсеткіштер мен тәртіптер бойынша технологиялық сыйымдылықты қамтамасыз ету жөніндегі қ ы з м е т т е р д і н ;

2) жобалық құжаттамаға және қолданылып жүрген санитарлық және экологиялық мөлшерлерге, электрөртжарылу қауіпсіздігінің талаптарына,

қауіпсіздік техникасының және техникалық пайдалану ережелеріне сәйкес келетін мамандандырылған ғимараттар мен инженерлік құрылғылардың; технологиялық жабдықтардың, құралдар мен технологиялық жарақтардың; жылу қуатын есепке алу, бөлу және пайдалану құралдарымен қамтамасыз етілуін;

3) м ы н а л а р д ы :

жабдықтарды, тетіктерді, айлабұйымдарды және жарақтарды пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсетуді; жедел-диспетчерлік басқару және байланыс каналдарының; еңбек қауіпсіздігін бақылаудың; метрологиялық қамтамасыз ететін қызметтердің;

4) мемлекеттік қуат қадағалау органының тұжырымы және қуатпен қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі белгіленген тәртіпте бекітілген нұсқаулықтар, жұмыс істейтін кәсіпорындар үшін - өткізілетін ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарының кестесінің;

5) шетелдік жұмыс күшін пайдаланған жағдайда оны қатыстыруға берілетін л и ц е н з и я л а р д ы ң ;

6) техникалық басшылардың тиісті білім деңгейіне сәйкес келетін және мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі бар білікті құрамының, техникалық пайдалану және қауіпсіздік техникасының ережелерін білулеріне біліктілік тексеруден өткен мамандардың болуын қамтиды.

6. Белгілі тәртіптегі аккредиттелген, мамандандырылған ұйымдар лицензия алушының біліктілік талаптарына сәйкес келуін тексереді және материалдарды д а й ы н д а й д ы .

7. Лицензия алушының техникалық басшылары мен мамандарының білім деңгейлері мен жұмыс тәжірибелері қолданылып жүрген нормативтік құжаттарға с ә й к е с к е л у і к е р е к .

8. Техникалық пайдалану және қауіпсіздік ережелерінің білімдерін тексеру тәртібін мемлекеттік қуат қадағалау органдары белгілейді.

3. Лицензияларды беру тәртібі

9. Өтініш беруші лицензиялар алу үшін облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментіне мынадай құжаттар тапсырады:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
- 3) мемлекеттік қуат қадағалау органының тұжырымы;
- 4) лицензиялық ақының төленгендігін растайтын төлем тапсырмасының к ө ш і р м е с і . < * >

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы әкімінің 2005 жылғы 15 наурыздағы N 6 шешімімен.

10. Құжаттардың бірінші басшының қолымен және өтініш иесінің мөрімен

расталған көшірмелері беріледі. Құжаттар күшінің мерзімі, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы куәліктен және жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктен басқасы, берілген күннен бастап үш айдан аспауы керек.

11. Лицензия өтініш берілген күннен бастап қажетті құжаттарымен кемінде бір айдың ішінде, ал шағын кәсіпкерлік субъектілер үшін - кемінде он күннің ішінде беріледі.

12. Лицензияға лицензия берушінің басшысы немесе осыған уәкілет берілген адам қол қояды және лицензия берушінің мөрімен расталады.

13. Лицензия берушінің басшысы уәкілеттік еткен адам бет сандары қойылған, жіппен тігілген және лицензия берушінің мөрімен бекітілген арнайы журналда лицензияларды есепке алады және тіркейді.

4. Лицензия алуға рұқсат бермеу, оның күшін қысқарту, қайтарып алу және тоқтату

14. Мына жағдайларда:

1) субъектілердің осы санаты үшін нақты қызмет түрін жүзеге асыруға тыйым салатын заң актілері болса;

2) лицензия алуға талап етілетін құжаттардың толық саны берілмесе. Өтініші иесі осы жағдайларды жойса, лицензия беруші өтінішті жалпы негіздерде екінші рет қарайды;

3) өтініш иесі белгіленген біліктілік талаптарға сәйкес келмесе;

4) соттың өтініш иесіне қызметтің белгілі түрімен айналысуға тыйым салатын шешімі болса;

5) лицензиялық ақы төленбесе, лицензия берілмейді.

15. Лицензия алуға қарсылық білдірген жағдайда, өтініш иесіне лицензия беруге белгіленген мерзімдерде жазбаша түрде дәлелденген жауап беріледі. Лицензия алуға қарсылық өтініш иесіне оның қолын қойғызып тапсырылады немесе пошта арқылы жіберіледі.

16. Мына себептер бойынша:

1) өтініш иесіне лицензияланатын қызмет жүргізу құқығын беру орынды болмаса;

2) сатылуына лицензия талап етілетін товарлар (жұмыстар, қызметтер түрлері) нарығы мол болғанда;

3) нарықта монополиялық жағдайды қамтамасыз еткенде;

4) өтініш иесінің адами және іскерлік қасиеттері күмән тудырса, соның ішінде бұрынғы сотталу себептері, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға бұрын салынған тыйымдар, лицензиялардың бұрын алынып қоюы себептері күмән тудырса, егер бұл тыйымдар мен қайтарып алулар өз күштерін заңдарда белгіленген тәртіпке сәйкес жоғалтқан (өтелген) болса, лицензия алуға қарсылық білдіреді.

17. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларда ғана лицензия өз күшін тоқтатады.

18. Лицензия күшін тоқтатуымен байланысты даулар сотта шешіледі.

19. Мына жағдайларда:

- 1) лицензия алушы лицензияда қойылған талаптарды орындамаса;
- 2) сот лицензия алушыға лицензия берілген қызмет түрімен айналысуға тыйым салса;
- 3) лицензия беруші лицензия күшін тоқтатқан себептер жойылмаса, лицензия сот тәртібінде қайтарылып алынады.

20. Лицензия алушының лицензияда қойылған талаптарды орындалмауы, лицензия беруші немесе энергетикалық және экологиялық сараптау органдары өткізетін тексерулер арқылы анықталады.

21. Лицензия беруші лицензияның күшін мына жағдайларда:

- 1) заң немесе лицензиялау ережелері бұзылса;
- 2) өз құзырлары шеңберінде лицензия берушінің талаптары орындалмаса;
- 3) лицензия алушы қабілетсіз болса себептерін көрсетіп, лицензия күшін алты айға дейін тоқтата алады.

22. Лицензия күшін тоқтату туралы мәселе лицензия берушінің қатысуымен тексеру қорытындылары бойынша қаралады.

23. Лицензия алушы қолын қойып немесе пошта арқылы (хабарламамен) лицензияның күшін тоқтату туралы мәселенің қаралатын күні мен орны туралы хабардар етіледі.

24. Лицензия алушы келмеген жағдайда, лицензияның күшін тоқтату туралы шешімді лицензия беруші лицензия алушының қатысуынсыз қабылдайды.

25. Лицензия берушінің лицензия күшін тоқтату туралы шешімі лицензия алушыға қолын қойғызып табыс етіледі немесе пошта арқылы (хабарламамен) жіберіледі.

26. Лицензия алушы лицензия күшін тоқтату себептерін жойғаннан кейін, лицензия қайтадан күшіне енеді, бұл туралы лицензия алушы қолын қойдырып немесе пошта арқылы хабардар етіледі.

27. Лицензияның күшіне енуі туралы шешімді өткізілген тексеруден кейін лицензия беруші қабылдайды.

5. Лицензияларды есепке алу және лицензиялау қызметін бақылау

28. Лицензия беруші лицензияларды есепке алады және лицензиялық ережелердің сақталуына бақылау жасайды.

29. Лицензия алушының қызметіне заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік қуат қадағалау органдары және лицензия берушіге лицензияны қайтарып алуға өтініш жасау құқығы бар басқа да қадағалау органдары бақылау

ж а с а й д ы .

30. Лицензия берушінің лицензия алушының заңнамамен белгіленген тәртіпте және жоғары атқарушы өкімет органдарының жеке тапсырмалары (мысалы, қуат көздерін күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындау және басқасы) бойынша лицензияларды беру шарттарының орындалуына бақылау жасау құқығы бар.

6. Лицензия алушының құқықтары мен міндеттері

31. Лицензия алушының:

1) лицензияның күшін тоқтату, қысқарту және қайтарып алу мәселелері жөніндегі барлық материалдармен танысуға, сондай-ақ лицензия беруші осы материалдарды қарағанда қатысуға;

2) сот тәртібінде: лицензия беруге қарсылық білдіру туралы шешімге; лицензия күшін тоқтату туралы шешімге шағым арыз беруге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

32. Лицензия алушы оның қызметіне қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

7. Лицензия алушының жауапкершілігі

33. Өтініш иесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте лицензия алуға берген құжаттардың дұрыстығына жауапты.

34. Лицензия алушы лицензиясыз қызмет жүргізгені үшін заңнамамен белгіленген тәртіпте жауап береді.

Жылу қуатын тиісті лицензиясыз сатудан түскен кіріс, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайлардан басқа жағдайларда, тиісті бюджетке алынады.

Облыс әкімінің

2004 жылғы 10 тамыздағы

"Облыс аумағындағы жылу қуатын

өндіруді, беруді және бөлуді,

қазандарды және қысым арқылы

жұмыс істейтін құбырларды пайдалануды,

өнеркәсіптік мұздатқыш қондырғылары

және тұрмыстық газ баллондарының

құрамында қысым арқылы жұмыс

істейтін ыдыстарды пайдалануды

лицензиялау мәселелері туралы"

N 20 шешімімен бекітілді

Облыс	аумағындағы	қазандарды	(жалпы
жылу	қуаты	сағатына	дейін)
және	қысым	арқылы	жұмыс
пайдалану	құқығына	лицензиялар	құбырларды
тәртібі			беру

1. Жалпы ережелер

1. Облыс аумағындағы қазандарды (қосынды жылу қуаты сағатына 100 Гкал-ға дейін) және қысым арқылы жұмыс істейтін құбырларды пайдалану құқығына лицензиялар берудің осы тәртібі (бұдан әрі - Тәртібі) Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 17 сәуірдегі "Лицензиялау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 және 2002 жылғы 24 қаңтардағы N 100 қаулыларына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы" N 296 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Тәртіп облыс аумағындағы қазандарды (қосынды жылу қуаты сағатына 100 Гкал-ға дейін) және қысым арқылы жұмыс істейтін құбырларды пайдалану құқығына лицензиялар берудің тәртібін, сондай-ақ лицензия алушының біліктілік талаптарын орындауын бақылауды реттейді.

3. Тәртіпте мына ұғымдар пайдаланылады:

1) лицензия сатушы - облыс аумағындағы қазандарды (қосынды жылу қуаты сағатына 100 Гкал-ға дейін) және қысым арқылы жұмыс істейтін құбырларды пайдалануды лицензиялауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган;

2) лицензия алушы - салық төлеуші ретінде тіркелген, осы Тәртіпке сәйкес облыс аумағындағы қазандарды (қосынды жылу қуаты сағатына 100 Гкал-ға дейін) және қысым арқылы жұмыс істейтін құбырларды пайдалануды жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға;

3) қазан - бу шығаратын немесе су беретін атмосфералық қысымнан жоғары қысымды құрылғылар, оның құрамына: пеш, буды қайта қыздырғыш, экономайзер, ауақыздырғыш, қаңқа, қазанның құбырлары, қоршау, жылу оқшалауы, қаптама кіреді;

4) қысым арқылы істейтін құбырлар - су буды немесе ыстық суды жеткізу үшін қызмет ететін ($0,7 \text{ кгс/см}^2$) 0,070МПа-дан жоғары жұмыс қысымды (қазаннан сырт) құбырлар.

2. Біліктілік талаптары

4. Лицензия алушыларға қойылатын біліктілік талаптар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 мамырдағы "Өнеркәсіп саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" N 556 қаулысымен бекітілген талаптардың негізінде дайындалды.

5. Біліктілік талаптары мыналардың:

1) еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік талаптарға сәйкес келетін технологиялық реттеме және техникалық жобаның;

2) өндірістік-техникалық базаның: мамандырылған-өндірістік ғимараттардың, инженерлік құрылғылардың (машиналар, тетіктер, жабдығы, қазандар, ыдыстар);

3) м ы н а л а р д ы :

жабдықтарды, тетіктерді, айлабұйымдарды және жарақтарды пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсетуді;

еңбек қауіпсіздігін бақылауды;
метрологиялық қамтамасыз ететін қызметтердің;

4) өтініш иесінің қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарына, экологиялық нормаларға сәйкестігін растайтын тау-техникалық және экологиялық қадағалау органдарының тұжырымдарының;

5) белгіленген тәртіптегі бекітілген объектілерді пайдалану қауіпсіздігі, өндірістікте мүмкін апаттардың жою жоспары жөніндегі нұсқаулықтардың;

6) шетелдік жұмыс күшін пайдаланған жағдайда оны қатыстыруға берілетін лицензиялардың ;

7) техникалық басшылардың тиісті білім деңгейіне сәйкес келетін және мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі бар білікті құрамының, техникалық пайдалану және қауіпсіздік техникасының ережелерін білулеріне біліктілік тексеруден өткен мамандардың болуын қамтиды.

6. Белгілі тәртіптегі аккредиттелген, мамандандырылған ұйымдар лицензия алушының біліктілік талаптарына сәйкес келуін тексереді және материалдарды дайындайды .

7. Лицензия алушының техникалық басшылары мен мамандарының білім деңгейлері мен жұмыс тәжірибелері қолданылып жүрген нормативтік құжаттарға сәйкес келуі керек .

8. Техникалық пайдалану және қауіпсіздік ережелерінің білімдерін тексеру тәртібін тау-техникалық қадағалау органдары белгілейді.

3. Лицензияларды беру тәртібі

9. Өтініш беруші лицензиялар алу үшін облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментіне мынадай құжаттар тапсырады:

1) белгіленген үлгідегі өтініш;

2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы немесе жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

3) тау-техникалық қадағалау органының тұжырымы;

4) экологиялық қадағалау органының тұжырымы;

5) лицензиялық ақының төленгендігін растайтын төлем тапсырмасының көшірмесі .

10. Құжаттардың бірінші басшының қолымен және өтініш иесінің мөрімен расталған көшірмелері беріледі. құжаттар күшінің мерзімі, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы куәліктен немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктен басқасы, берілген күннен бастап үш айдан аспауы керек.

11. Лицензия өтініш берілген күннен бастап қажетті құжаттарымен кемінде бір айдың ішінде, ал шағын кәсіпкерлік субъектілер үшін - кемінде он күннің ішінде беріледі.

12. Лицензияға лицензия берушінің басшысы немесе осыған уәкілет берілген адам қол қояды және лицензия берушінің мөрімен расталады.

13. Лицензия берушінің басшысы уәкілеттік еткен адам бет сандары қойылған, жіппен тігілген және лицензия берушінің мөрімен бекітілген арнайы журналда лицензияларды есепке алады және тіркейді.

4. Лицензия алуға рұқсат бермеу, оның күшін қысқарту, қайтарып алу және тоқтату

14. Мына жағдайларда:

1) субъектілердің осы санаты үшін нақты қызмет түрін жүзеге асыруға тыйым салатын заң актілері болса;

2) лицензия алуға талап етілетін құжаттардың толық саны берілмесе, өтініші иесі осы жағдайларды жойса, лицензия беруші өтінішті жалпы негіздерде екінші рет қарайды;

3) өтініш иесі белгіленген біліктілік талаптарға сәйкес келмесе;

4) соттың өтініш иесіне қызметтің белгілі түрімен айналысуға тыйым салатын шешімі болса;

5) лицензиялық ақы төленбесе лицензия берілмейді.

15. Лицензия алуға қарсылық білдірген жағдайда, өтініш иесіне лицензия беруге белгіленген мерзімдерде жазбаша түрде дәлелденген жауап беріледі. Лицензия алуға қарсылық өтініш иесіне оның қолын қойғызып тапсырылады немесе пошта арқылы (хабарламамен) жіберіледі.

16. Мына себептер бойынша:

1) өтініш иесіне лицензияланатын қызмет жүргізу құқығын беру орынды болмаса;

2) сатылуына лицензия талап етілетін товарлар (жұмыстар, қызметтер түрлері) нарығы мол болғанда;

3) нарықта монополиялық жағдайды қамтамасыз еткенде;

4) өтініш иесінің адами және іскерлік қасиеттері күмән тудырса, соның ішінде бұрынғы сотталу себептері, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға бұрын салынған тыйымдар, лицензиялардың бұрын алынып қоюы себептері күмән

тудырса, егер бұл тыйымдар мен қайтарып алулар өз күштерін заңдарда белгіленген тәртіпке сәйкес жоғалтқан (өтелген) болса, лицензия алуға қарсылық білдіреді.

17. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайда ғана лицензия өз күшін тоқтатады.

18. Лицензия күшін тоқтатуымен байланысты даулар сотта шешіледі.

19. Мына жағдайларда:

1) лицензия алушы лицензияда қойылған талаптарды орындамаса;
2) сот лицензия алушыға лицензия берілген қызмет түрімен айналысуға тыйым салса;

3) лицензия беруші лицензия күшін тоқтатқан себептер жойылмаса, лицензия сот тәртібінде қайтарылып алынады.

20. Лицензия алушының лицензияда қойылған талаптарды орындалмауы, лицензия беруші немесе энергетикалық және экологиялық сараптау органдары өткізетін тексерулер арқылы анықталады.

21. Лицензия беруші лицензияның күшін мына жағдайларда:

1) заң немесе лицензиялау ережелері бұзылса;
2) өз құзырлары шеңберінде лицензия берушінің талаптары орындалмаса;
3) лицензия алушы қабілетсіз болса себептерін көрсетіп, лицензия күшін алты айға дейін тоқтата алады.

22. Лицензия күшін тоқтату туралы мәселе лицензия берушінің қатысуымен тексеру қорытындылары бойынша қаралады.

23. Лицензия алушы қолын қойып немесе пошта арқылы (хабарламамен) лицензияның күшін тоқтату туралы мәселенің қаралатын күні мен орны туралы хабардар етіледі.

24. Лицензия алушы келмеген жағдайда, лицензияның күшін тоқтату туралы шешімді лицензия беруші лицензия алушының қатысуынсыз қабылдайды.

25. Лицензия берушінің лицензия күшін тоқтату туралы шешімі лицензия алушыға қолын қойғызып табыс етіледі немесе пошта арқылы (хабарламамен) жіберіледі.

26. Лицензия алушы лицензия күшін тоқтату себептерін жойғаннан кейін, лицензия қайтадан күшіне енеді, бұл туралы лицензия алушы қолын қойдырып немесе пошта арқылы хабардар етіледі.

27. Лицензияның күшіне енуі туралы шешімді өткізілген тексеруден кейін лицензия беруші қабылдайды.

5. Лицензияларды есепке алу және лицензиялау қызметін бақылау

28. Лицензия беруші лицензияларды есепке алады және лицензиялық ережелердің сақталуына бақылау жасайды.

29. Лицензия алушының қызметіне заңнамамен белгіленген тәртіпте тау-техникалық, экологиялық қадағалау органдары және лицензия берушіге лицензияны қайтарып алуға өтініш жасау құқығы бар басқа да қадағалау органдары бақылау жасайды.

30 Лицензия берушінің лицензия алушының заңнамамен белгіленген тәртіпте және жоғары атқарушы өкімет органдарының жеке тапсырмалары (мысалы, қуат көздерін күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындау және басқасы) бойынша лицензияларды беру шарттарының орындалуына бақылау жасау құқығы бар.

6. Лицензия алушының құқықтары мен міндеттері

31. Лицензия алушының:

1) лицензияның күшін тоқтату, қысқарту және қайтарып алу мәселелері жөніндегі барлық материалдармен танысуға, сондай-ақ лицензия беруші осы материалдарды қарағанда қатысуға;

2) сот тәртібінде: лицензия беруге қарсылық білдіру туралы шешімге; лицензия күшін тоқтату туралы шешімге шағым арыз беруге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

32. Лицензия алушы оның қызметіне қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

7. Лицензия алушының жауапкершілігі

33. Өтініш иесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте лицензия алуға берген құжаттардың дұрыстығына жауапты.

34. Лицензия алушы лицензиясыз қызмет жүргізгені үшін заңнамамен белгіленген тәртіпте жауап береді.

Жылу қуатын тиісті лицензиясыз сатудан түскен кіріс, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайлардан басқа жағдайларда, тиісті бюджетке алынады.

Облыс әкімінің

2004 жылғы 10 тамыздағы

"Облыс аумағындағы жылу қуатын

өндіруді, беруді және бөлуді,

қазандарды және қысым арқылы

жұмыс істейтін құбырларды пайдалануды,

өнеркәсіптік мұздатқыш қондырғылары

және тұрмыстық газ баллондарының

құрамында қысым арқылы жұмыс істейтін

ыдыстарды пайдалануды лицензиялау
мәселелері туралы" N 20 шешімімен
бекітілді

Облыс аумағындағы өнеркәсіптік мұздатқыш қондырғылары және тұрмыстық газ баллондарының құрамында қысым арқылы жұмыс істейтін ыдыстарды пайдалану құқығына лицензиялар беру тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Облыс аумағындағы өнеркәсіптік мұздатқыш қондырғылары және тұрмыстық газ баллондарының құрамында қысым арқылы жұмыс істейтін ыдыстарды пайдалану құқығына лицензиялар берудің осы тәртібі (бұдан әрі - Тәртібі) Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 17 сәуірдегі "Лицензиялау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 және 2002 жылғы 24 қаңтардағы N 100 қаулыларына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы" N 296 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Тәртіп облыс аумағындағы өнеркәсіптік мұздатқыш қондырғылары және тұрмыстық газ баллондарының құрамында қысым арқылы жұмыс істейтін ыдыстарды пайдалану құқығына лицензиялар берудің тәртібін, сондай-ақ лицензия алушының біліктілік талаптарын орындауын бақылауды реттейді.

3. Тәртіпте мына ұғымдар пайдаланылады:

1) лицензия сатушы - облыс аумағындағы өнеркәсіптік мұздатқыш қондырғылары және тұрмыстық газ баллондарының құрамында қысым арқылы жұмыс істейтін ыдыстарды пайдалану лицензиялауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган.

2) лицензия алушы - салық төлеуші ретінде тіркелген және осы Тәртіпке сәйкес облыс аумағындағы өнеркәсіптік мұздатқыш қондырғылары және тұрмыстық газ баллондарының құрамында қысым арқылы жұмыс істейтін ыдыстарды пайдалануды жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға.

3) өнеркәсіптік мұздатқыш қондырғылары - нақты мақсаты үшін суықтың өндіруді және таратуды қамтамасыз ететін мұздатқыш жүйе, оның құрамына: сығымдағыш, конденсатор, ресивер, ауасалқындатқыш, ауабөлгіш, құбырлар және басқа құраушылар кіреді

4) ыдыс - химикалық, жылу және басқа технологиялық үрдістерді жүргізуге, сондай-ақ газ тәрізді, сұйық және басқа заттарды сақтау және жеткізуге арналған герметикалық жабық сыйымдылық;

5) баллон - шұраларды, ернемектерді, штуцерді орнату үшін бір немесе екі мойны бар, 0, 07 МПа-дан жоғары қысымымен сығылған, сұйылған немесе еріткен газдарды жеткізуге, сақталуға және пайдалануға арналған ыдыс.

2. Біліктілік талаптары

4. Лицензия алушыларға қойылатын біліктілік талаптар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 мамырдағы "Өнеркәсіп саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" N 556 қаулысымен бекітілген талаптардың негізінде дайындалды.

5. Біліктілік талаптары мыналардың:

1) еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік талаптарға сәйкес келетін технологиялық реттеме және техникалық жобаның;

2) өндірістік - техникалық база: мамандандырылған өндірістік ғимараттар, инженерлік құрылғылардың (машиналар, тетіктер, жабдықтар, ыдыстар)

3) өртжарылу қауіпсіздік, улы күшті әсер ететін заттарды және өртке қарсы материалдарды сақтауға арналған қоймалардың, бөлмелердің, сыймдылықтардың ;

4) м ы н а л а р д ы :

жабдықтарды, тетіктерді, айлабұйымдарды және жарақтарды пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсетуді;

баллондарды, айлабұйымдарды және оларды жөндеу жөніндегі жарақтарды (куәландыру, баллондарының бояуы және т.б.) пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсетуді;

қысым арқылы жұмыс істейтін (өзіне меншікті апаттық қызмет немесе апаттық қызметінен шарттың болуы), ыдыстарды пайдалану жөніндегі шаруашылық субъектінің апатсыз жұмысты;

еңбек қауіпсіздігін бақылауды және қоршаған ортаның қорғауды; метрологиялық қамтамасыз ететін қызметтердің;

5) өтініш иесінің қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарына, экологиялық нормаларға сәйкестігін растайтын тау-техникалық және экологиялық қадағалау органдарының тұжырымдарының ;

6) объектілердің қауіпсіз пайдалану, өндірістікте мүмкін апаттардың жою жоспары жөніндегі белгіленген тәртіптегі бекітілген нұсқаулықтардың;

7) әрекеттенетін шаруашылық субъектілер үшін белгіленген тәртіптегі бекітілген нұсқаулықтар, ыдыстарды және құбырларды техникалық куәландыру, негізгі технологиялық жабдықтың ағымды және күрделі жөндеулер кестелерінің;

8) шетелдік жұмыс күшін пайдаланған жағдайда оны қатыстыруға берілетін лицензиялардың ;

9) техникалық басшылардың тиісті білім деңгейіне сәйкес келетін және мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі бар білікті құрамының, техникалық пайдалану және қауіпсіздік техникасының ережелерін білулеріне біліктілік тексеруден өткен мамандардың болуын қамтиды.

6. Белгілі тәртіптегі аккредиттелген, мамандандырылған ұйымдар лицензия

алушының біліктілік талаптарына сәйкес келуін тексереді және материалдарды
д а й ы н д а й д ы .

7. Лицензия алушының техникалық басшылары мен мамандарының білім деңгейлері мен жұмыс тәжірибелері қолданылып жүрген нормативтік құжаттарға
с ә й к е с к е л у і к е р е к .

8. Техникалық пайдалану және қауіпсіздік ережелерінің білімдерін тексеру тәртібін тау-техникалық қадағалау органдары белгілейді.

3. Лицензияларды беру тәртібі

9. Өтініш беруші лицензиялар алу үшін облыс облыс жұмылдыру даярлығы және төтенше жағдайлар департаментіне мынадай құжаттар тапсырады:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
- 3) тау-техникалық органының тұжырымы;
- 4) экологиялық қадағалау органының тұжырымы;
- 5) лицензиялық ақының төленгендігін растайтын төлем тапсырмасының кө ш і р м е с і . < * >

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы әкімінің 2005 жылғы 15 наурыздағы N 6 шешімімен.

10. Құжаттардың бірінші басшының қолымен және өтініш иесінің мөрімен расталған көшірмелері беріледі. Құжаттар күшінің мерзімі, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы куәліктен және жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктен басқасы, берілген күннен бастап үш айдан аспауы керек.

11. Лицензия өтініш берілген күннен бастап қажетті құжаттарымен кемінде бір айдың ішінде, ал шағын кәсіпкерлік субъектілер үшін - кемінде он күннің і ш і н д е б е р і л е д і .

12. Лицензияға лицензия берушінің басшысы немесе осыған уәкілет берілген адам қол қояды және лицензия берушінің мөрімен расталады.

13. Лицензия берушінің басшысы уәкілеттік еткен адам бет сандары қойылған, жіппен тігілген және лицензия берушінің мөрімен бекітілген арнайы журналда лицензияларды есепке алады және тіркейді.

4. Лицензия алуға рұқсат бермеу, оның күшін қысқарту, қайтарып алу және тоқтату

14. М ы н а ж а ғ д а й л а р д а :
1) субъектілердің осы санаты үшін нақты қызмет түрін жүзеге асыруға тыйым салатын заң актілері болса;

2) лицензия алуға талап етілетін құжаттардың толық саны берілмесе. Өтініші иесі осы жағдайларды жойса, лицензия беруші өтінішті жалпы негіздерде екінші р е т қ а р а й д ы ;

3) өтініш иесі белгіленген біліктілік талаптарға сәйкес келмесе;
4) соттың өтініш иесіне қызметтің белгілі түрімен айналысуға тыйым салатын
ш е ш і м і б о л с а ;

5) лицензиялық ақы төленбесе, лицензия берілмейді.

15. Лицензия алуға қарсылық білдірген жағдайда, өтініш иесіне лицензия беруге белгіленген мерзімдерде жазбаша түрде дәлелденген жауап беріледі. Лицензия алуға қарсылық өтініш иесіне оның қолын қойғызып тапсырылады немесе пошта арқылы (хабарламамен) жіберіледі.

16. Мына себептер бойынша:

1) өтініш иесіне лицензияланатын қызмет жүргізу құқығын беру орынды
б о л м а с а ;

2) сатылуына лицензия талап етілетін товарлар (жұмыстар, қызметтер түрлері)
) н а р ы ғ ы м о л б о л ғ а н д а ;

3) нарықта монополиялық жағдайды қамтамасыз еткенде;

4) өтініш иесінің адами және іскерлік қасиеттері күмән тудырса, соның ішінде бұрынғы сотталу себептері, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға бұрын салынған тыйымдар, лицензиялардың бұрын алынып қоюы себептері күмән тудырса, егер бұл тыйымдар мен қайтарып алулар өз күштерін заңдарда белгіленген тәртіпке сәйкес жоғалтқан (өтелген) болса, лицензия алуға қарсылық
б і л д і р е д і .

17. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайда ғана лицензия өз күшін тоқтатады.

18. Лицензия күшін тоқтатуымен байланысты даулар сотта шешіледі.

19. Мына жағдайларда:

1) лицензия алушы лицензияда қойылған талаптарды орындамаса;

2) сот лицензия алушыға лицензия берілген қызмет түрімен айналысуға
т ы ы м с а л с а ;

3) лицензия беруші лицензия күшін тоқтатқан себептер жойылмаса, лицензия
сот тәртібінде қайтарылып алынады.

20. Лицензия алушының лицензияда қойылған талаптарды орындалмауы, лицензия беруші немесе энергетикалық және экологиялық сараптау органдары өткізетін тексерулер арқылы анықталады.

21. Лицензия беруші лицензияның күшін мына жағдайларда:

1) заң немесе лицензиялау ережелері бұзылса;

2) өз құзырлары шеңберінде лицензия берушінің талаптары орындалмаса;

3) лицензия алушы қабілетсіз болса, себептерін көрсетіп, лицензия күшін
алты айға дейін тоқтата алады.

22. Лицензия күшін тоқтату туралы мәселе лицензия берушінің қатысуымен
тексеру қорытындылары бойынша қаралады.

23. Лицензия алушы қолын қойып немесе пошта арқылы (хабарламамен) лицензияның күшін тоқтату туралы мәселенің қаралатын күні мен орны туралы х а б а р д а р е т і л е д і .

24. Лицензия алушы келмеген жағдайда, лицензияның күшін тоқтату туралы шешімді лицензия беруші лицензия алушының қатысуынсыз қабылдайды.

25. Лицензия берушінің лицензия күшін тоқтату туралы шешімі лицензия алушыға қолын қойғызып табыс етіледі немесе пошта арқылы (хабарламамен) ж і б е р і л е д і .

26. Лицензия алушы лицензия күшін тоқтату себептерін жойғаннан кейін, лицензия қайтадан күшіне енеді, бұл туралы лицензия алушы қолын қойдырып немесе пошта арқылы хабардар етіледі.

27. Лицензияның күшіне ену туралы шешімді өткізілген тексеруден кейін лицензия беруші қабылдайды.

5. Лицензияларды есепке алу және лицензиялау қызметін бақылау

28. Лицензия беруші лицензияларды есепке алады және лицензиялық ережелердің сақталуына бақылау жасайды.

29. Лицензия алушының қызметіне заңнамамен белгіленген тәртіпте тау-техникалық, экологиялық қадағалау органдары және лицензия берушіге лицензияны қайтарып алуға өтініш жасау құқығы бар басқа да қадағалау органдары бақылау жасайды.

30. Лицензия берушінің лицензия алушының заңнамамен белгіленген тәртіпте лицензияларды беру шарттарының орындауына бақылау жасау құқығы бар.

6. Лицензия алушының құқықтары мен міндеттері

31. Лицензия алушының :

1) лицензияның күшін тоқтату, қысқарту және қайтарып алу мәселелері жөніндегі барлық материалдармен танысуға, сондай-ақ лицензия беруші осы материалдарды қарағанда қатысуға;

2) сот тәртібінде :
лицензия беруге қарсылық білдіру туралы шешімге;
лицензия күшін тоқтату туралы шешімге шағым арыз беруге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар .

32. Лицензия алушы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және басқа да заңдарды сақтауға міндетті.

7. Лицензия алушының жауапкершілігі

33. Өтініш иесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте лицензия алуға берген құжаттардың дұрыстығына жауапты.

34. Лицензия алушы лицензиясыз қызмет жүргізгені үшін заңнамамен

белгіленген тәртіпте жауап береді.

Жылу қуатын тиісті лицензиясыз сатудан түскен кіріс, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайлардан басқа жағдайларда, тиісті бюджетке алынады.

Облыс әкімінің

2004 жылғы 10 тамыздағы

"Облыс аумағындағы жылу қуатын өндіруді, беруді және бөлуді, қазандарды және қысым арқылы жұмыс істейтін құбырларды пайдалануды, өнеркәсіптік мұздатқыш қондырғылары және тұрмыстық газ баллондарының құрамында, қысым арқылы жұмыс істейтін ыдыстарды пайдалануды лицензиялау мәселелері туралы"

N 20 шешіміне

қосымша

МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ

__ берілді

(заңды немесе жеке тұлғаның толық атауы)

Қызметінің түрі _____
(қызмет түрінің атауы) _____

_____ елді мекеннің, қаланың, ауданның, ұйымының немесе кәсіпорынның атауы)

Лицензия әрекетінің ерекше шарттары _____

Бөлімшелер, өкілдіктер _____

Лицензияны берген орган - Павлодар облысының коммуналдық шаруашылық, көлік және коммуникациялар департаменті

Облыс коммуналдық шаруашылық,
көлік және коммуникациялар
департаментінің бастығы _____ В.Постников
(қолы)

Лицензияның берілген күні

Лицензияның нөмірі

Павлодар қаласы

